

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы институты мен  
Атырау облысы ҚХА ғылыми-сараптамалық топ мүшелерінің  
Ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі  
2025 жыл

Атырау 2025 ж.

## КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### **2025 жылғы ҚХА институты төмендегідей:**

Директор м.а. Бақытова Айдана Жанатқызы, заң ғылымдарының магистрі

Атырау облысы бойынша ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының университеттің 14 профессор-оқытушысы мүшесі болып табылады. Төрағасы «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы.

ҚХА Ғылым-сараптамалық топ мүшелері өз жұмысында қазақстандық қоғамда этникалық татулықты сақтау мен ұлт бірлігін насихаттауды, азаматтардың теңдігі мен құқықтарының сақталуын насихаттауды, діни ұстанымы, этникалық шығу тегі бойынша алауыздық туғызбау принциптерін басшылыққа алды. Олар оқу үдерісін ұйымдастыру және тәрбие шараларында теңдік пен сыйластық, қоғамда бейбітшілікті сақтау, азаматтарды әлеуметтендіру жүйесін халқымыздың мәдениетін, ғұрыптары мен дәстүрлерін құрметтеуге негізделген Отанға деген сүйіспеншілік идеалдарын ілгерілету принциптеріне назар аударды. Сонымен қатар ҒСТ мүшелері Қазақстан Халқы Ассамблеясы XXXIII Сессиясының шешімдері аясындағы ҚХА арнайы жобаларын іске асыру Жоспарын да басшылыққа алды.

Ғылыми сараптамалық топ жанынан құрылған Жас ғалым клубының төрайымы педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Гулбарам Мугауина Олжағалиевна болып сайланса, клуб мүшелері университеттің жас ғалымдары болып табылады.

Студенттер Ассамблеясының жетекшісі болып Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі 3 курс студенті Нурмуханбетова Аксауле Рустемовна сайланды.

ҚХА институтының ғылыми жұмысы Х. Досмұхамедов атындағы КеАҚ Атырау университетінің Ғылыми Кеңесі бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асады. Негізгі ғылыми бағыты көпұлтты қоғамда ұлттық бірлік пен ұлтаралық келісімді нығайтуға, жастарды мәдениетаралық диалогқа баулуға бағытталған. Бұл орталықтың қызметі студенттерді Қазақстанның этникалық әртүрлілігі мен мәдени байлығын түсінуге, ұлттық толеранттылықты қалыптастыруға, сондай-ақ, әртүрлі этностар мен ұлттардың өкілдері арасында өзара құрмет пен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ғылыми–практикалық конференциялар мен дөңгелек үстел ұйымдастыру; монографиялар мен оқу құралдарын жариялау, Мемлекеттік гранттар мен басқа да қаржылық көздер арқылы қаржыландырылып отырған ғылыми-зерттеу жұмыстары, Халықаралық ғылыми қатынастарды жетілдіру.

Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор э.ғ.к. Қ.М. Утепкалиева бекіткен жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстар атқарылды.

## ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

ҚХА Ғылым-сараптамалық топ мүшелері өз жұмысында қазақстандық қоғамда этникалық татулықты сақтау мен ұлт бірлігін насихаттауды, азаматтардың теңдігі мен құқықтарының сақталуын насихаттауды, діни ұстанымы, этникалық шығу тегі бойынша алауыздық туғызбау принциптерін басшылыққа ала отырып бірлік пен келісімді нығайту, этносаралық қатынастарды дамыту саласындағы түрлі іс-шараларға, жыл сайынғы сессияларына, семинар-тренингтерге қатысты. Облыстағы этносаралық жағдай туралы монография, ғылыми мақалалар, зерттеу нәтижелерін жариялап отырды. Өңірдегі этносаралық саладағы жағдай мен үрдістерге сараптамалық шолу жасап, этномәдени бірлестіктерге ғылыми кеңес беріп, ҚХА аясында өткізілетін іс-шараларға қатысты. Қазақстандық қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік моделіне арналған үздік ғылыми жобалар республикалық байқауына қатысатын ғылыми жұмыстарға сараптамалық қорытындылар дайындады. Этносаясат пен мәдениетаралық диалог жетістіктерін БАҚ-та,



облыстық және республикалық газеттерде, ғылыми журналдарда жариялап, телерадио хабарларында сұхбат беріп, инстаграм, фейсбук желісінде посттар жариялап, конференцияға материалдар шығарды.

Ғылыми сараптамалық топ жанынан құрылған Жас ғалым клубының төрайымы педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Гулбарам Мугауина Олжағалиевна болып сайланса, клуб мүшелері университеттің жас ғалымдары болып табылады.

Студенттер Ассамблеясының жетекшісі болып Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі 3 курс студенті Нурм уханбетова Аксауле Рустемовна сайланды.



Университетімізде Жас ғалымдар зерттеулерінде этносаралық, этномәдениет тақырыптарына басты назар аударылады. Мысалы, 2025 жылы «Атырау қаласының тілдік әлеуметтік кеңістігіндегі эргоурбонимдер: лингвомәдени ерекшелігі мен бағыттары», «Мақал-мәтелдердегі сан компонентінің этномәдени негізі», «Цифрлық кезеңдегі орыс тілінің дамуы: әлеуметтік медиа және тілдік практикасының әсері», «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін дайындау процесінде мәдени сананы пайдалану», «Қазақ әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлері: тарихы және эволюциясы», «Қазақстандағы көші қон саясаты және жаңа жағдайдағы үдерістер» және басқа да тақырыптары магистрлік зерттеу нысандарына айналды. «7M04213 – Этномедиация» инновациялық білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылы «Жаппай тәртіпсіздікті реттеудің этно-медиативтік алгоритмдері», «Еңбек құқықтық қатынастарында медиация институтын енгізудің теориялық және практикалық аспектілері», «Салықтық құқықтық қатынастар саласындағы медиацияның ұйымдық құқықтық негіздері», «Қылмыстық процесте медиацияны қолданудың тұжырымдамалық негіздері», «Құқықтанудағы қалпына келтіру медиациясының құбылысы», «Қазіргі банктік құқықтық қатынастардағы медиация парадигмасы» тақырыптарында магистрлік жұмыстарын қорғады.



ҒСТ құрамы елімізде **қазақ тілінің мәртебесін көтеру** жұмыстарына да белсене қатысады. Мемлекет басшысы елімізде өзге этнос өкілдеріне қазақ тілін үйретудің тәсілдері туралы **«Көптеген этнос өкілдерінің өзара қарым-қатынас тілі қазақ тілі болуы қажет»** деп өзге ұлттардың қазақ тілін мәжбүрлеусіз үйренуінің **маңызын айтқан** болатын. «Елтану» жобасы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасы ретінде өңірде этностар арасындағы достық пен бірлікті нығайтуға бағытталған. Атыраудағы Достық үйінде этносаралық диалогқа арналған ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен форумдарға ҒСТ мүшелері белсене қатысты.

Атырау облысы ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері, соның ішінде "Былина" орыс этномәдени бірлестігінің басшысы Короблев Андрей Александровичтың қолдауымен 3 жыл көлемінде әр апта сайын бірлестік кітапханасында қазақ тілін үйрету сабақтарын ұйымдастырып келеді.

Сондай-ақ, осы бағытта "Наурыз" әзірбайжан этномәдени бірлестігінің төрағасы Эльдар Ахмедовтың қолдауымен соңғы 10 жылдан астам уақытта Атырау университетінің оқуда озат білім алушыларына, белсенді студенттеріне



Әзербайжанның ұлт көшбасшысы, мемлекет қайраткері Гейдар Алиевтің Халықаралық шәкіртақысы табысталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына орай

Атырау облысында ғылым мен білімге қосқан елеулі үлесі үшін "Былина" орыс этномәдени бірлестігінің басшысы Андрей Короблевке, "Наурыз" әзірбайжан этномәдени бірлестігінің төрағасы Эльдар Ахмедовке



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Құрметті профессоры атақтары берілді.

Өңірдегі бірлік пен келісімді нығайту, этносаралық қатынастарды дамыту саласындағы жетістіктер мен нәтижелерді талқылаған Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңейтілген кеңесінде ҒСТ-тың 5 мүшесінің (С.И дрисов, А.Короблев, С.Сапанов, Г.Кайргалиева, Э.Ахмедов) «Қазақстан халқы Ассамблеясына - 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталуы да университет ғалымдарының ҚХА ғылыми дамуына қосқан беделді істерінің нәтижесі деп санаймыз.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы - ректор Саламат Идрисовтың Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы аясындағы XXXIV мерейтойлық сессиясы туралы "Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл" атты мақаласы "Атырау" газетінде жарық көрді.



## ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

11 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғанына 30 жыл толуына орай «Көпэтносты қоғамды дамытудың қазақстандық тәжірибесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының бірегейлігін және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған конференцияға ғылыми-сараптамалық топ мүшелері, «Ассамблея жастарының» өкілдері, Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, Ассамблея ардагерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

26 мамырда Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде славян жазуы мен мәдениеті күніне орай «Орыс тілі: кеше, бүгін, ертең» атты дөңгелек үстел өтті. Кирилл әліпбиінің негізін қалаушылар Кирилл мен Мефодийдің өмір жолымен, олардың славян

әліпбиін жасаудағы еңбегімен таныстыру, орыс жазуының бастау көздері мен рухани-мәдени мұрасын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері, Былина этномәдени бірлестігінің мүшелері, Атырау қалалық мектептерінің ұстаздары қатысты. Орыс филологиясы кафедрасы ұйымдастырған жиында көптілді білім беру факультетінің деканы Меруерт Аманғазиева, орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі Узима Джумағалиева, Ресейдің Оралдағы вице-консулы Константин Погорельский, «Былина» этномәдени бірлестігінің төрағасы ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Андрей Кораблёв және басқа да қонақтар құттықтау сөз сөйледі. Баяндамалар легі этномәдени бірлестіктің өкілі Светлана Фадинаның жасөспірімдер мен жастар арасында орыс тілін үйрену мен насихаттауға арналған баяндамасымен басталып, орыс филологиясы

кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Сания Камелова, Білім басқармасының Методологиялық орталығының методисті Айсұлу Адилова, Қ.Сәтпаев атындағы мектептің мұғалімі Гүлмира Тілегенова, сондай-ақ 4 курс студенттері Нурикамал Қылышбек пен Райхан Қасмағамбетова сынды қатысушылар мазмұнды баяндамалар жасады.





29 шілде-7 тамыз Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің мамандары мен студенттері Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (ҚР ҒЖБМ), Шәкәрім университеті және Назарбаев Университетінің Антропологиялық зертханасы ұйымдастырып жатырған «Археологиядағы пәнаралық әдістер» атты Халықаралық жазғы далалық археологиялық мектепке қатысты. Мектеп жұмысы Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау археологиялық кешенінде өтті. Жазғы далалық мектептің негізгі ғылыми бағыттары:

Археологиядағы фиксация әдістері, Геоархеология, Лидарлық түсірілім және оның археологиялық зерттеулердегі қолданылуы, Физикалық антропология, Далалық жағдайларда палеоантропологиялық материалдармен жұмыс негіздері: фиксация, аршу, орау, шифрлау, сипаттау және қаңқа қалдықтарының жынысы мен жасын анықтау, Археозоология, Остеологиялық материалдармен жұмыс негіздері: фиксация, аршу, түрлік құрамын, жасы мен сою маусымын анықтау, шифрлау

Атырау өңірінде ортағасырлық Сарайшық қаласынан бөлек, бірқатар тарихи қалалар мен қоныстар болғаны мәлім. Солардың бірі — Ақтөбе-Лаэти қалашығы. Бұл қалашық - Алтын Орда дәуіріне тән, Атырау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай орналасып, аймақтың ежелгі өркениеттік, экономикалық және мәдени дамуына айрықша үлес қосқан қолөнер орталығы. Жоба жетекшісі – ҒСТ мүшесі тарих ғылымдарының кандидаты Гүлфайруз Қайырғалиева. Зерттеу жұмыстары ҚХА Елтану бағдарламасы негізінде еліміздің тарихи-мәдени мұрасын




сақтау, отандық археологияны дамыту, өңір тарихының тың беттерін ашу мақсатында жүргізілуде.



Шілде айында “Жер-су атаулары – ел шежіресі: Құрманғазы ауданындағы экспедиция аудан аумағында бір айға жуық көлемде жүргізіліп, өз жұмысын сәтті қорытындылады. Зерттеу барысында 30-ға жуық елді мекен араланып, 60-тан астам ауыл ақсақалдары және тұрғындармен сұхбат жүргізілді. Сондай-ақ, тарихи сипатқа ие 20 шақты ескі мекен мен қоныс орындары зерделенді. Экспедиция құрамында «Атырау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, жазушы, публицист Назарбек Қосшиев, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» институты директорының міндетін атқарушы Арман

Жұмағазиев, музейдің ғылыми хатшысы Ерлан Тілекқабылов, аға ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты, археолог Марат Қасенов және музей мамандары болды. Зерттеу жұмыстары картографиялық деректерді талдау және далалық экспедициялық әдістер арқылы жүргізілді. Экспедиция барысында елді мекен атауларының ноғай-қалмақ дәуірінен бері жалғасып келе жатқан ізі анықталып, Нарын құмы мен Азғыр өңіріне қатысты бірқатар құнды мәліметтер жиналды.

5 тамызда Медиация күніне арналған "Қазақстандағы медиацияны дамытудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі" халықаралық конференциясына онлайн-форматқа ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Н.А.Лукманова қатысты. ҚХА-ның Қазақстандағы медиацияны дамытудағы рөлі зор маңызға ие, өйткені Ассамблея этносаралық диалог пен ынтымақтастық үшін платформа бола отырып, медиацияны кеңінен насихаттауға, оның тиімділігін арттыруға және қолдану аясын кеңейтуге белсенді ықпал ете алады. Медиация дауларды ше шудің балама тәсілі ретінде азаматтық қоғамды нығайтуға, құқықтық мәдениет деңгейін арттыруға және қоғамда өзара түсіністік пен келісім ахуалын қалыптастыруға ықпал етеді.



25 қыркүйек те Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде оқу орнының 85 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Каспий макроаймағындағы қауіпсіздік мәселелері: халықаралық қатынастар, экология және тұрақты даму» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Ғылыми жиынға отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдары онлайн және офлайн форматта қатысып, Каспий аймағындағы геосаяси ахуал, экологиялық мәселелер және тұрақты даму бағыттары талқыланды. Конференция барысында Каспий теңізі деңгейінің өзгеруі, өңірдің техникалық-технологиялық даму перспективалары, балық өнеркәсібінің қазіргі жағдайы және аймақтың халықаралық жобалардағы орны туралы мазмұнды баяндамалар жасалды. Шараға Иран, Ресей және Қазақстан ғалымдары қатысып, Каспий өңіріндегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге қатысты өз көзқарастарын ортаға салды.



12 қарашада «Жасанды интеллект арқылы қазақ тілін оқытудағы жаңашыл тенденциялар» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті. Шара мақсаты: Қазақ тілін меңгертудің инновациялық жолдарын насихаттау және студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру. Шара қонақтары Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы А.Б.Ислямова және бас сарапшы Ш.Ж.Темірбаева қатысты. Шара екі бағытта өтті. Алғашқы бөлімде ЖИ-інің қолданудың теориялық негізі бойынша баяндамалар тыңдалды. ҚХА институты директоры м.а., заң ғылымдарының магистрі Бақытова А.Ж. «Цифрлық қоғамда заң үстемдігі мен азаматтық жауапкершілік: қауіпсіз интернеттің кепілі» тақырыбында баяндама оқыды. III курс студенттері ЖИ-ні қолдануды тәжірибе жүзінде әдістемелік сайыс нәтижесінде көрсетті.

21 қарашада «Ш.Уәлихановтың ғылыми-публицистикалық мұрасы және қазіргі заман» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараны FCT мүшесі Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, филос.ғ.докторы Бекежан Өмірбек Қадырханұлы ашып, қатысушыларға шараның мәні мен мақсаттарын таныстырды. Дөңгелек үстелге Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-нің Ғылыми-сараптамалық, медиация және этносаралық қатынастарды талдау және бақылау бөлімінің басшысы Ислямова Айнагүл Берікқызы, сондай-ақ осы мекеменің бас

сарапшысы Темірбаева Шынарғүл Жанаевна және Дінтану, Журналистика және ақпарат мамандығының студенттері қатысты.



21 қарашада Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Интернет алаяқтық қылмысынан сақ болайық» тақырыбында құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты: қатысушылардың интернет кеңістігіндегі кездесетін алаяқтық әдістерімен таныстыру, олардың алдын алу жолдарын үйрету, жеке мәліметтерді



қорғаудың тиімді тәсілдерін түсіндіру және онлайн қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру. Ислямова Айнагул Бериковна - Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ғылыми-сараптамалық, медиация және этносаралық қатынастарды талдау және бақылау бөлімі басшысы қатысты.



28 қарашада «Қазақстандағы этносаяси үрдістер: ұлтаралық келісім және тұрақтылық» атты маңызды ғылыми семинар өтті. Шараның басты мақсаты – еліміздегі этносаяси ахуалдың дамуын талдау, түрлі этностардың бейбіт қатар өмір сүру тәжірибесін түсіндіру және студент жастарға қоғамдық келісімнің мәнін терең жеткізу. Семинардың спикері – Сапанов Сайпулла Жұмабайұлы, Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Шара барысында қатысушылар Қазақстан халқының бірегейлігі, этносаралық коммуникация, қоғамдағы үйлесімділік пен толеранттылықты нығайту бағытындағы мемлекеттік саясат мәселелерін талқылады. Ғалым өзінің ғылыми тәжірибесіне сүйене отырып, этносаяси тұрақтылықтың тарихи негіздері мен қазіргі өзектілігі туралы кең көлемді баяндама жасап, студенттермен мазмұнды пікір алмасу өткізді.

## **АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ, ТАЛДАУ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖҰМЫС**

Ақпанда ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Ахмет А.Қ. Атырау әйелдерінің тылдағы жанқиярлық ерлігі «Социалистік құрылыс» газеті беттерінде (1941-1945 жж.). атты монографиясы шықты. Атырау: «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» баспасы, 2025. – 178б. ISBN 978-601-262-584-4

ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Қайрғалиева Г. «The importance of local history in historical research» тақырыбында ғылыми мақаласы «Қазіргі педагогикалық технологиялар арқылы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту: мәселелер мен инновациялық шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағында жарияланды. – Ургенш, 2025 – 1047-1051 бб.

ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Алипова Д.Ж «Daily socio-political life of Kazakhstan: methodological study in 20-40 years of the XX century» тақырыбында ғылыми мақаласы «Қазіргі педагогикалық технологиялар арқылы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту: мәселелер мен инновациялық шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағында жарияланды – Ургенш, 2025 – 1051-1056 бб.

19 ақпанда ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Ахмет А.Қ. «Қазақтың қаһарман ұлы» атты ғылыми мақаласы Ұлы Жеңістің 80-жылдығына және Ратушаға алғаш Жеңістуын тіккен қазақ батыры Кенжебай Мәденовтың 100-жылдығына арналған «Ұлы Отан соғысы: ерлік пен қаһармандық жолы» атты ғылыми мақаласы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды – Атырау, 2025ж. 9-146б. ISBN 978-601-626-531-8

Наурызда ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшелері Алипова Д.Ж., Бердіғожин Л.Б., Кайргалиева Г. «Гурьевская область в 1941-1945 гг.» тақырыбында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысына ғылыми мақала жариялады №1 (76) 2025ж. 68-79 бб. ISSN 2077-0197

12 мамырда Атырау "Прикаспийская коммуна" газетінің YouTube видеохостингінде "Былина" орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы А. Короблев, тарихшы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті Ш. Нағимов және С. Өтебаев атындағы мұнай газ университетінің аға оқытушысы К. Юсуповтың қатысуымен «Жоғалған сарбаздар: оларды кім іздейді?» тақырыбында подкаст болды.

15 наурызда Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Гулфайруз Кайыргалиеваның мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Бурабайда өткен Ұлттық Құрылтайдың IV отырысы туралы пікірі “Прикаспийская коммуна” газетінде жарық көрді.

16 наурызда ҚХА институты директоры Арман Жұмағазиевтың мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Бурабайда өткен Ұлттық Құрылтайдың IV отырысы туралы пікірі “Прикаспийская коммуна” газетінде жарық көрді.

20 наурызда Атырау университеті Х.Б Табылдиев атындағы ҒЗИ директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сайпулла Сапановтың «Казахстан утвердился на мировой арене» тақырыбындағы мақаласы Прикаспийская коммуна газетінде жарық көрді.

23 сәуірде Атырау облысы ҚХА ҒСТ төрағасы Саламат Нұрмұханұлы Идрисов “Атырау” телеарнасының “Үштаған” бағдарламасына тікелей эфирде сұхбат берді. Тақырып – білім мен ғылым саласына жасанды интеллектіні енгізу. Цифрлық трансформация, болашақ мамандарды даярлау, халықаралық білім платформалары – бәрі осы сұхбатта қамтылды.

12 мамырда Атырау "Прикаспийская коммуна" газетінің YouTube видеохостингінде "Былина" орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы А. Короблев, тарихшы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті Ш. Нағимов және С. Өтебаев атындағы мұнай газ университетінің аға оқытушысы К. Юсуповтың қатысуымен «Жоғалған сарбаздар: оларды кім іздейді?» тақырыбында подкаст болды.

19 маусымда Атыраупресс баспасөзінде тарих ғылымдарының докторы, профессор С. Сапановтың "Қамыс тек Атырауда ғана емес: бүкіл әлемде кездесетін табиғи құбылыс" атты мақаласы жарияланды.

20 шілдеде Ақжайық газетінде Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшесі, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы **А.Кораблевтың** «Бауырластар зиратындағы белгісіз тағдырлар» атты мақаласы жарияланды.

11 тамызда Атырау газетіне тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Аққали Ахметтің «Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы» мақаласы жарық көрді.

«Жасанды интеллект – Қазақстанның стратегиялық басымдығы» тақырыбында Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор, Атырау облысы ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ төрағасы Саламат Идрисовтың хабарламасы жарияланды.

21 тамызда ҚР Конституциясының 30жылдығына орай профессор, тарих ғылымдарының докторы, Атырау облысы ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Лесқали Бердіғожин “Қазақстан” ұлттық арнасына сұхбат берді.

22 тамызда «Прикаспийская коммуна» газетіне Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшесі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің **Қазақстан тарихы және Дүниежүзілік тарих кафедрасының профессоры** Гульфайруз Каирғалиеваның «Нам есть куда двигаться» атты мақаласы жарияланды.

28 тамызда “Прикаспийская коммуна” газетіне Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор, Атырау облысы ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ төрағасы Саламат Идрисовтың журналист А.Киммен «Ориентир» тақырыбында болған сұқбаты жарияланды.

30 тамызда Атырау газетіне тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Аққали Ахметтің «Елдіктің ол арқауы» мақаласы шықты.

30 тамызда «Прикаспийская коммуна» газетіне Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшесі, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы **А.Кораблевтың** «Особый день» атты мақаласы жарияланды.

12 қыркүйекте Атырау газетіне тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Аққали Ахметтің «Атырауда лейтенанттар оқыған еді» атты мақаласы жарияланды.

13 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының Заң және тәртіп бағытында «Прикаспийская коммуна» газетіне Атырау облысы ҚХА ҒЭГ мүшесі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Ляйля Койшыгулованың «Важно формировать в обществе принцип нулевой терпимости к правонарушениям» атты мақаласы жарияланды.

14 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылауда Атырау облысы ҚХА ҒЭГ мүшесі, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы **А.Кораблев** Қазақ радиосында «Шекарасыз Қазақстан» тақырыбындағы бағдарламада спикер болып өз ойымен бөлісті.

17 қыркүйекте «Прикаспийская коммуна» газетіне Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшесі, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы **А.Кораблевтың** «Нашей стране нужен единый Парламент» атты мақаласы жарияланды.

8 қазанда университетте білім алатын шетелдік студенттерімен кездесу өтті. Кездесу барысында университетіміздің Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Алтынбасов Бахыт Өмірханұлы шетелдік білім алушыларға оқу орнымыздың құрылымы, халықаралық бағдарламалары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат беріп, таныстыру жұмысын жүргізді. Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры м.а. Бақытова Айдана Жанатқызы шетелдік білім алушылардың оқу үдерісіне бейімделуі, мәдени іс-шараларға белсенді қатысуы және этномәдени бірлестіктермен өзара байланысын дамытуда Қазақстан халқы Ассамблеясы институты мен Студенттер Ассамблеясының жұмысын кеңінен таныстырып, шетелдік білім алушыларға әрдайым қолдау көрсетілетінін атап өтті.

14 қазанда Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіруге арналған лекция өтті. Шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Кеңес Қосыбаев, ҚХА институтының директоры Айдана Бақытова, оқытушылар, студенттер және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.



5 қарашада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауын түсіндіруге арналған танымдық дәріс өтті. Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық топ мүшесі, философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Бекежан Өмірбек Қадырханұлы «Жастар – ел болашағының стратегиялық күші» «Цифрлық трансформация және білім: Жолдаудағы стратегиялық бағыттарды талдау» тақырыптарында мазмұнды дәрістер оқып, ұлт бірлігі

мен жас ұрпақтың ел дамуына қосар үлесі жөнінде маңызды ой қозғады. Сонымен қатар, университет жанындағы ҚХА институтының директоры м.а., заң




ғылымдарының магистрі Бақытова Айдана Жанатқызы «Цифрлық қоғамда заң үстемдігі мен азаматтық жауапкершілік: қауіпсіз интернеттің кепілі» тақырыбында лекция оқыды.



14 қарашада Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын қорытындылауға арналған ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің кеңейтілген отырысында Атырау облысы ҚХА Ғылыми-сарапшылық тобының төрағасы Идрисов Саламат Нұрмұханұлы “Ғылым мен білім – бірлік негізі: Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық қызметі” тақырыбында мазмұнды баяндама жасады

22 қарашада Экономика және құқық факультетінің Құқықтану білім бағдарламасының 2 курс студенттеріне “Еңбекке әділет, қоғамға қамқорлық: цифрлық қоғамдағы жаңа әлеуметтік саясат” тақырыбында лекция оқып, студенттерге цифрлық ортада құқықтық мәдениет пен жеке деректерді қорғаудың маңызын атап өтті. Кездесу барысында студенттер белсенділік танытып, өз пікірлерімен бөлісті. Іс-шара жастардың азаматтық санасын арттыруға, интернеттегі жауапкершілік пен мәдениеттің қоғам тұрақтылығына әсерін түсінуге ықпал етті



## МӘДЕНИ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАР

24 маусымда Астана қаласының Достық үйінде Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясының салтанатты отырысы өтті. Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшесі, Атырау облысы ҚХА "Былина" орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы А.Кораблев Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілхановтың Алғыс хатымен марапатталды.

16 шілдеде Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшесі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Орыс филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты С.И.Камелованың ұйымдастыруымен Атырау Достық Үйінде ҚХА-ның 30 жылдығына арналған "Көптілділік-уақыт талабы. Үштілділік: қазақ, орыс, ағылшын тілдері" атты дөңгелек үстел өтті.

27 тамызда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен Атырау Бизнес және құқық колледжінің бірлесуімен «Конституция – тең



мүмкіндіктердің кепілі: еңбекке, білімге және мамандыққа құқық» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел өткізілді. Азаматтардың еңбек етуге, білім алуға және мамандықты еркін таңдауға қатысты конституциялық құқықтарын талқылау, Конституциялық нормалардың қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-құқықтық маңызын айқындау, сондай-ақ «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында кәсіби бағдарлау мәселелерін қарастырды. Дөңгелек үстелде ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшелері Н.А.Лукманова– «Обеспечение конституционной законности и правопорядка как гарант устойчивого развития правового государства» (құқық ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті), Асқарова Армангүл Қаленовна – «Болашаққа жол ашатын құқықтар» (педагогика ғылымдарының магистрі, «Үздік педагог», К.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі) тақырыбында баяндамалар жасады. Дөңгелек үстел барысында Конституцияның қоғамдағы орны, азаматтардың әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қамтамасыз етудегі маңызы, құқықтық мемлекет қағидаттарының тұрақтылық пен әділеттілікті орнықтырудағы рөлі кеңінен талқыланды.

12 қыркүйекте «Қазақ тілі – ғылым, мәдениет және қарым-қатынас тілі» атты аймақтық-республикалық семинар өтті. Семинарға Тіл саясаты комитеті мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері, тіл саясатын іске асыру

басқамаларының басшылары, тілдерді оқыту орталықтарының қызметкерлері, Атырау университетінің ғалымдары мен магистранттары қатысты. Семинарда Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тлешов әдіснаманың қалыптасуы және ғылым тілі, «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» Бас директоры Мақпал Жұмабай цифрлық экономика жағдайында қазақ тілінің орны мен мүмкіндіктері жөнінде баяндама жасаса, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Атырау облыстық филиалының төрағасы, ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ төрағасы Саламат Идрисов қазақ тілінің ғылым тіліне айналуындағы

университеттің рөлі туралы сөйледі. Сондай-ақ, университеттің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры Бибігүл Хайржанова ғылымдағы қазақ тілінің интеллектуалды әлеуеті мәселесіне тоқталды.

15 қыркүйекте Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Атырау тарихы: ХІХ-ХХ ғасырлардағы фотосуреттерде» атты фотоальбомының таныстырылымы өтті. Тарих үшін деректік маңызы бар құндылықтарды көпшілікке жеткізу және насихаттау мақсатында үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жарыққа шыққан “Атырау тарихы: ХІХ-ХХ ғасырлардағы фотосуреттерде” атты фотоальбом көпшілік назарына ұсынылды. Іс-шара



барысында ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшелері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л.Бердіғожин және “Былина” этномәдени бірлестігінің төрағасы А.Кораблев фотоальбом туралы өз ойларын ортаға салып, толымды пікірлерін айтты.

16 қыркүйекте Атырау қаласының туған күніне орай Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі А.Қ.Ахмет пен Атырау қалалық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен қала тарихына арналған ерекше көрме өтті

28 қыркүйекте орыс филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан тілдері күніне арналған қазақ тілін



меңгеріп жатырған Былина этномәдени бірлестігінің мүшелерімен кездесу өтті. Кездесуде Атырау университетіне академиялық ұтқырлық аясында Гилан университетінен (Иран) келген философия ғылымдарының докторы Мехтиханлы Севиндж қазақ, орыс, парсы тілдеріндегі мәдени мағыналардың бейнелену ерекшеліктерін баяндаса, ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшелері “Былина” этномәдени бірлестігінің төрағасы Андрей Короблев, орыс филологиясы кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. Сания Камелова, орыс филологиясы кафедрасының

меңгерушісі Узима Джумагалиева, “Ұстаз” мектебінің директор орынбасары Қайрат Сисенов ана тілін білудің және оны қастерлеудің қаншалықты маңызды екенін, сондай-ақ көпұлтты елімізде сөйлейтін тілдердің байлығы туралы айтып өтті. Кездесуге «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы Айнагуль Ислямова, эксперт Шынарғүл Темірбаева, ҚХА институты директоры Айдана Бақытова және Былина этномәдени бірлестігінің мүшелері қатысты.



21 қарашада «Поэт, чьё слово вне времени и границ» атты шығармашылық байқауы өтті. Биылғы шара ұлы ақын Сергей Есениннің 130 жылдығына және кафедра жанындағы Орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті орталығының 5 жылдығына арналды. Байқауға 150-ден астам мектеп оқушылары мен университет студенттері қатысты.

25 қарашада Орыс филологиясы кафедрасы жанындағы Орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті орталығының 5 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел өтті. Осы тұста орталықтың ашылуына және жұмысының

жандануына ұзақ жылдар бойы қолдау көрсетіп келе жатқан университетіміздің Құрметті профессоры, «Былина» этномәдени бірлестігінің төрағасы Андрей Александрович Кораблев, сондай-ақ «Қоғамдық келісім» мекемесінің маңызы өте зор. Шараға Ресей мен Қырғызстан университеттері, облыстық ұйымдар, этномәдени бірлестіктер, пән мұғалімдері және әріптестеріміз қатысты.

Ағартушы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында «Абайдың трагедиясы» тақырыбында ғылымдар туралы ҚХА Ғылыми-сараптамалық топ мүшесі Философия ғылымының докторы, профессор - Өмірбек Бекежанмен арнайы подкасты жарыққа шықты.

Атырау қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кең ауқымды сенбілік жұмыстарына Атырау облысы ҚХА ҒСТ мүшелері қатысты.

ҚХА студенттік ассамблеялар мен жас ғалымдар клубтарын дамыту арқылы жастарды ғылыми және қоғамдық қызметке белсенді тартуды көздейді. 7–9 желтоқсан күндері Қостанайда Қазақстан халқы Ассамблеясының Студенттік ассамблеяларының I республикалық форумы өтті. Бұл жиынға еліміздің барлық өңірінен келген студенттер қатысып, этносаралық келісім мен жастардың ролін талқылады. Форумда университетіміздің Студенттік Ассамблея жетекшісі Нурмуханбетова Аксауле Рустемовна Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің атынан Алғысхатпен марапатталды.



Облысымыздың өзге этнос студенттерінің ынтымақтастығы мен бірлігін арттыру мақсатында қаламыздағы қоғамдық бірлестіктермен бірлескен мәдени шаралар жайдарман ойындары, челленджер, жастар клубының шаралары, дебаттар ұйымдастырылады.


Алдағы уақытта Атырау облысы ҚХА ғылыми сараптамалық тобы Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығымен және облыс әкімі аппаратының "Қоғамдық келісім" КММ-мен, облыстық Достық үйімен, облыстың этномәдени бірлестіктерімен бірлесе отырып ҚХА институты, Жас ғалымдар клубы, Жастар Ассамблеясы, Жастар саясаты, халықаралық қатынастар бөлімдері мен Атырау университетінің студенттерінен құрылған Заң клиникасы, Медиация орталық жұмысын жандандыру мақсатында Атырау облысында ғылым арқылы бірлікті қолдайтын ауқымды жобаны қолға алынып жатыр.

Сыйлықтардың, құрметті атақтардың (халықаралық, республикалық) иегерлері

1. Ахмет А.Қ. «Ұлы Отан соғысындағы 80 жыл» медалі (2025 жыл)
2. Идрисов С.Н. «Қазақстан халқы Ассамблеясына - 30 жыл» мерекелік медалі (2025 жыл)

3. Кайыргалиева Г.К. «Қазақстан халқы Ассамблеясына - 30 жыл» мерекелік медалі (2025 жыл)
4. Сапанов С.С. «Қазақстан халқы Ассамблеясына - 30 жыл» мерекелік медалі (2025 жыл)
5. Нурмуханбетова А.Р. Ғылым және жоғары білім министрі Н.Саясат Алғысхаты

Атырау облысы ҚХА институты директоры



А.Ж.Бақытова